

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық жіберудің 2004 жылға арналған жоспарлары жөніндегі қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1379 қаулысы

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық жіберудің жоспарлары жөнінде қорытынды (келісім) ұсынудың және алудың тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық жіберудің 2004 жылға арналған жоспарлары жөніндегі қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорытындыны Ресей тарабына дипломатиялық арналар бойынша жіберсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министр

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы

31

желтоқсандасы

N

1379

қаулысымен

бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық жіберудің 2004 жылға арналған жоспарлары жөніндегі қорытынды

Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей тарабы ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын (бұдан әрі - FA) ұшырудың 2004 жылға арналған жоспарларын келісүде.

Ленинск сынақ полигонындағы және Байқоңыр кешеніндегі Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнындағы жойылатын құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшыру қондырғыларының орналасқан орындарындағы жер участкелерін қайта өңдеу туралы үкіметаралық келісім жобасы тараптардың сарапшыларымен келісілгенін және Ресей тарабы құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшыру қондырғыларын жою әрі жер участкелерін кейіннен

қайта өндөу жөніндегі қажетті жұмыстарды қаржыландыруға және орындауға дайындығын растиғаны туралы ақпаратты ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2004 жылға арналған жоспарын келісуде.

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық жіберудің жоспарлары жөнінде қорытынды (келісім) ұсынудың және алудың тәртібі туралы келісімнің 2-бабының 2-абзацында мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу және жалға берілетін мүлікке ажырамас жақсарту енгізуді келісу үшін "Байқоңыр" кешенінің жаңа объектілерін салу және пайдаланылатын объектілерді қайта жаңарту жобаларын ұсыну көзделгеніне байланысты, Ресей тарабы ұсынған 2004 жылды "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу жоспары және 2003 жылды "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізу туралы есепті қарауға қабылдауға болмайды.